

Директорлар кеңесі төрағасының сөзі

102-14

Құрметті акционерлер!

2020 жыл «KEGOC» АҚ үшін қиын болғанымен де,
өте маңызды жыл болды. Наурыз айында Директорлар
кеңесі 100 % таза кірісті акционерлерге дивиденд төлеуге
жұмсау туралы шешім қабылдады.



АЛМАСАДАМ СӘТҚАЛИЕВ
«KEGOC» АҚ ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың барлық таза пайданы дивиденд түрінде төлеу қажеттілігі туралы ұлттық компанияларға берілген тапсырмасы орындалды.

Директорлар кеңесі есептік жылы барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, өте сапалы басқарушылық шешімдер қабылдағанын көрсетті. 2020 жылы Директорлар кеңесі жаңартылған Портфель мен Бизнесіні трансформациялау бағдарламасының Жол картасын бекітті. 2020 жылы Бизнесіні трансформациялау

бағдарламасының жобаларын іске асырудан түскен пайда 2,3 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету қағидасының жаңартылған редакциясы бекітіліп, Компанияның 2020-2024 жылдарға арналған Бизнес-жоспарына өзгерістер енгізілді.

«KEGOC» АҚ 2020 жылы бизнес-процестерді өте сапалы деңгейде басқарғанын, БЭЖ-дің жүйелік операторы функцияларын тиімді атқарғанын, сондай-ақ қаржылық сенімділігін көрсете отырып, «KEGOC» АҚ 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясында Директорлар кеңесі айқындаған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді ойдағыдай іске асыруды жалғастырды.

Компания өзін корпоративтік басқарудың үздік стандарттарын ұстанушы ретінде танытып, ашықтық қағидаттарын сақтайтынын көрсетті: Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарының іс-шаралары сәтті жүзеге асырылды.

«KEGOC» АҚ ірі жұмыс беруші ретінде өз жұмыскерлерін қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайымен қамтамасыз етеді, соған сай қызметкерлер карантин жағдайында өз міндеттерін ойдағыдай атқара отырып, өте жоғары деңгейде жұмыс істеді және жақсы өндірістік және қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізді. Соның нәтижесінде 2020 жыл 53,5 млрд теңгеден астам мөлшерде таза кіріспен аяқталды.

Жалпы алғанда осының барлығы «KEGOC» АҚ-ға жоғары беделін сақтауға, өндірістік және қаржылық қызметтің барлық спектрі бойынша сала көшбасшысы болуына, әлеуметтік тұрақтылықтың жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізуіне мүмкіндік

береді. Бұған халықаралық рейтингтік агенттіктердің жасаған тұжырымдары да дәлел. Мысалы, Fitch Ratings агенттігі 2020 жылы «KEGOC» АҚ ұзақ мерзімді рейтингін тұрақты болжаммен «BBB-» деңгейінде растады.

Компания 2021 жылға нық сеніммен қадам басып отыр және алдыға қойылған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге ниетті. Жақсы ойластырылған стратегия, қызметкерлердің жоғары біліктілігі мен қатысуы «KEGOC» АҚ-ның 2021 жылы бұдан әрі дами түсуіне негіз болып табылады.

53,5

МЛРД ТЕҢГЕ
ТАЗА КІРІС

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің атынан барлық серіктестерімізге арамыздағы өзара тиімді ынтымақтастық үшін, ұжымға өте тиімді қызмет еткені үшін, сонымен қатар барлық стейкхолдерлерге көрсеткен қолдаулары үшін алғыс білдіргім келеді.

Біздің стратегиялық басымдықтарымыз:



Қазақстан БЭЖ-інің сенімді жұмысын қамтамасыз ету:

- Қазақстан БЭЖ Жүйелік операторының функцияларын сапалы орындау;
- пайдалану бойынша сапалы қызмет көрсету;
- қолданыстағы активтерді жөндеу және жаңарту;
- жаңа электр жеткізу желілері мен қосалқы станцияларды салу арқылы Қазақстан Республикасы ҰЭТ-ының өткізу қабілетін арттыру;
- технологиялық даму және бизнесті цифрландыру.



«KEGOC» АҚ тиімді жұмысын қамтамасыз ету:

- салынған капиталдың тиімділігін арттыру және бизнестің жаңа түрлерін дамыту;
- «KEGOC» АҚ Бизнесті трансформациялау бағдарламасын іске асыру;
- халықаралық ынтымақтастықты дамыту.



Корпоративтік басқаруды жетілдіру және тұрақты даму:

- еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру;
- корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- адами капиталды дамыту;
- қоршаған ортаға қамқорлық.